

Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын ұйымдарда стипендия, еңбекақы және басқа да ақшалай төлемдерді төлеу нысанын өзгерту жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 04 тамыз N 1214. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.09.28. N 1464 қаулысымен. ~P991464

Мемлекеттік сектор ресурстарын басқару жөніндегі реформаны және мемлекеттік қызмет реформасын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын ұйымдарға стипендия, еңбекақы және басқа да ақшалай төлемдерді екінші деңгейдегі банктер арқылы дербес шоттар және пластикалық карталар арқылы, банктік трансферттер арқылы төлеу нысанын енгізу ұсынылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкінің филиалдары арқылы 1998 жылдың 1 қаңтарына дейін трансферттерді жүзеге асыру туралы ұсынысына келісім берілсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкі арқылы бюджеттік ұйымдарға қолма қол ақша беруді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік Бюджеттік және Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкінде ағымдағы (транзиттік) шоттар ашсын.

4. Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын ұйымдардың басшылары

қызметкерлерге төлемнің жаңа нысандарының пәрменділігін, сондай-ақ оның жүзеге асырылуының тәртібін түсіндіру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырсын.

5. Стипендия, еңбекақы және басқа да ақшалай төлемдерді төлеуге қызмет көрсету жөніндегі шығыстар республикалық бюджеттің есебіне жатқызылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК